

# ТУУ

ШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

рь Жексенбі

Шыруына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын сын мен өзара сынның кеңінен өрістеген жағдайында өткізейік! Сөйтіп, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын бүгін таңдағы талаптарға сай күшті қарқынмен өркендегудің нақтылы жолдарын белгілейік!

айлау

## Егіске тез және сапалы әзірленейік



### Дәнді дақылдардың өнімін арттырамыз

ель болып  
ген жарты-  
ызын, сры-

гілікті пар-  
рды басқа-  
а механика-  
ойдағыдай  
гін, арнау-  
о адамдарды

айлау жыл-  
гізгі заңы—  
ставына тө-  
ересе, кол-  
ес қорларды  
лықты тез  
е назар ау-

і өткізілгені  
беру-сайлау  
уға тиіс.

а әйелдердің  
қармасышы,  
а бір жыл  
ымауға бел-

Қысқы агрономиялық шараларды мінезіз жүзеге асыру, көктемгі егіске жоғары сапалы тұқым дайындау, қар тоқтату, тыңайтқыш заттар жыйнау жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру — дәнді дақылдардың өнімін арттырудың басты шарты.

Біздің бригаданың мүшелері бесінші бесжылдықта егін өнімін арттыру үшін алдағы көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік жүргізіп келеді. Быйыл бригада өткен жылмен салыстырғанда егіс көлемін 150 гектар ұлғайтады. Мұның өзі бізден көктемгі дала жұмыстарына жақсы әзірленіп, оны ұйымшылдықпен бастауды талап етеді. Егін өнімін арттыру дала жұмыстарына үлгілі әзірлік жүргізгенде, тұқым қорын мол дайындап, қар тоқтату, тыңайтқыш заттар жыйнау жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырғанда ғана мүмкін екенін біз жақсы білеміз.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын тыңғылықты жүргізу үшін бригадада еңбек ұйымдастыру ісін жақсарту түстік. Колхозшыларға өздерінің ісверігіне, ма-

де 450 гектар жерге қар тоқтатылды.

Қар тоқтатуда күн сайын 20—25 адам жұмыс істейді. Колхозшылар қар тоқтатуда ат қар жыртқыштарын кеңінен пайдалануда. Мәселен, колхозшылар Е. Зубенко, Е. Сиченко және П. Шмид жолдастардың әрқайсысы ат қар жыртқышымен смена сайын бір гектар жерге қар тоқтатып жүр.


Осы сыяқты, колхозшылар жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстарын да ойдағыдай жүргізуде.

Көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуде ауылшаруашылық саймандарын жөндеп, жұмысқа әзірлеудің игешуші маңызы бар. Біз бұл жұмысты да тыңғылықты ұйымдастырдық. Соның нәтижесінде 5 плуг, 24 тырма және көштеген жегу әбзелдері сапалы жөндеуден өтті. Бұл жұмысты таяудағы күндердің ішінде толық аяқтаймыз.

Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуде колхозшылар еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Мысалы, ұста И. Вахтель, ағаш

Жаңа бесжылдықтың  
стахановшысы

### Болат магистральдің жас озаты





Сол сияқты, Преснов аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі тауы шаруашылығының мамандары есебімен колхоздың басшы кадрларын нығайту жөнінде де бірқатар кемшіліктерге жол берді. Аудандық комитеттің және аудандық Совет аткомінің ұсынуы бойынша Калинин атындағы колхозға агроном Шоқанаев председатель болып сайланды. Бірақ, ол аталған колхоздың бүгін таңдағы талаптарға сай өркендеуіне нақтылы басшылық жасай алмады. Колхозда егіннің шығымдылығы төмен болды, қотамдық мал шаруашылығына берік жемшөп қорық жасау ісінде үлкен олқылықтар кездесті. Сөйтіп, быйылғы мал қыстату маусымының өзінде қотамдық малдың шығынға ұшырауына жол берілді. Ақыры аудандық комитет өзінің ұсынған кадры Шоқанаев жолдасты есеп беру-сайлау жыйналымын күтпей-ақ орнынан алуға мәжбүр болды.

Ал, облыс бойынша өткен жылдың бас

мен және кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісіне зейлеген сөзімен, «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген даңбылдануы еңбегімен жігерленген облыс ауыл шаруашылығының еңбекшілері бұл күндері жаңа бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау үшін қажырлылықпен күрес жүргізуде. Ал, колхоздарда есеп беру-сайлау жыйналымын ойдағыдай өткізу ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саяси және өндірістік белсенділігін онан сайын арттыра түседі.

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын сын мен өзара сынның көңінен өрістерен жағдайында өткізейік! Сөйтіп, колхоздардың қотамдық шаруашылығын бүгін таңдағы талаптарға сай күшті қарқынмен өркендетудің нақтылы жолдарын белгілейік!

## Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік

### Озат колхозшылар үгіт пунктінде

Ленин ауданындағы Покровка селосындағы үгіт пункті сайлаушылардың тілегіне сай жабдықталған. Қобырғаларда көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің, үкмет пен партияның басқа да баушыларының портреттері, сайлауға байланысты плакаттар мен ұрандар, коммунизмнің ұлы құрылыстарында қол жеткен табыстарды баяндайтын диаграммаларды көресіз. Үгіт пунктінде жергілікті Советтердің сайлауы туралы Ережені, ССРО Конституциясын, Қазақ ССР Конституциясын, съезд материалдарын, саяси және әдеби кітаптарды арқашан алып, пайдалануға болады.

Үгіт пунктінде алдын-ала жасалған жоспар бойынша үгітшілердің семинары өткізіліп, сайлаушылардың жыйналымы болып тұрады. «Путь к социализму» колхозының бастауыш партия ұйымы үгітшілердің сайлаушылар арасындағы жұмыс-

тарына күнбе-күн басшылық жасап отырады.

Үгіт пунктінде озат колхозшылар жиі келіп тұрады. Мұнда үгітші тракторшы Базаченко, алдыңғы қатарлы сауыншы В. Сютин және тағы басқаларды күн сайын көруге болады. Олар сайлау жөніндегі материалдарды, партиямыздың XIX съезінің қарарларын, газет, журналдардан елімізде және шет елдерде болып жатқан жаңалықтарды оқуға, түсінбеген мәселелерін үгітшілерден сұрап алуға келеді.

Үгітші Бевзенко және Мещанкова жолдастар үгіт-бақаралық жұмысты сайлаушылардың талабына сәйкес жүргізуде. Сайлаушылар үгітшілердің съезд материалдары және Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі туралы өткізген әңгімелерін сондай белсенділікпен тыңдайды.

**А. ТҰРСЫНҒАЛИЕВ.**

листік жарысқа жапшай ұштасып, жөндеу жұмысын жақсартып, еңбек қарқынын арттыра түсіп отыр.

Құрастыру цехының механизаторлары Толкачев, Ковраш, Радионов жолдастар күндік норманы ұдайы 125—130 проценттен асырып жүр. Коммунист, ұста Заболотский жолдас күн сайын еменалық гапсырманы 150—160 процент, коммунист слесарь Трофимов жолдас 150 проценттен орындайды.

### Жайбарақат отыр

Бітік егін өсіруде қысқы агрономиялық шараларды ойдағыдай жүзеге асырудың зор маңызы бар. Солай бола тұра да, Калинин атындағы колхозда (Преснов ауданы) мұндай маңызды жұмысқа жете көңіл бөлінбей келеді.

Мұнда егістік алаңға қар тоқтату, тыңайтқыш заттар дайындау сияқты жұмыстар әлі күнге дейін қолға алынған жоқ. Бірде-бір гектар жерге қар тоқтатылмаған және бірде-бір центнер көң күл, құс саңырағы сияқты жергілікті тыңайтқыштар дайындалмаған.

Егін өнімінің арттырылуы, колхозшылардың білім дәрежесін көтеріп, өз жұмысын тыңғылықты істеуіне байланысты Ал, колхозшылардың білім дәрежесін арт-

тыруда агро-эсотехникалық оқуды дұрыс ұйымдастырудың маңызы ерекше зор. Бірақ, не пайда бұл колхоздағы колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы әлі күнге дейін ұйымдастырылмаған.

Социалистік егін шаруашылығын онан әрі өркендетудің бұл сияқты маңызды шарттарына қалай болса солай қарауға болмайды. Олай болса, колхоз басқармасы (председателі Құсайынов жолдас) көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуін, колхозшылардың агро-эсотехникалық оқуының дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етулері берек.

**Е. ЖУМИН.  
Ә. КЕНЖЕТАЕВ.**

### Тыңғылықты әзірлік

Көктемгі егіске алдын-ала әзірлік жасау — маңызды жұмыс. Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының колхозшылары көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Колхозшылар егіске сортты тұқымдар дайындауда. Егіске қажетті тұқым қыры жеткілікті күйде. Құйылған тұқым қоры 2245 центнер. Бұл дақылдардың 1667 центнері тазаланып, себу дәрежесіне жеткізілді.

Көктемгі егіске әзірліктегі зор маңызы бар жұмыс — егістік алаңға қар тоқтату. Мұнда көздің өзінде жүздеген гектар жерге қар тоқтатылды. Қар негізінен егіс-

тік жерге шырпыдан, бұтақтан жасалған қалқандар арқылы тоқтатылуда.

Жергілікті тыңайтқыштар жыйнау ісінде қызу қолға алынуда. Егін өнімін арттырудың басты бір шарты деп есептеп, колхозшылар көңді, күлді, құс саңырағын неғұрлым көп жыйнап жүр. Мұнымен тыңайтқыштарды да мол дайындауда.

Бесінші бесжылдықтағы басты міндет — дөңді дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін ойдағыдай шешу үшін колхозшылар көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының қарқынын арттырып, сапасын жақсартуға түсеуде.

**Ә. БАГРАМОВА.**

мотивті да алды 1950 да бесжылғы өтеміржос машинириоттығы. Комға ма Лесковтап қолтер ара Лескоші -махановты паровозтабыста колонна қажетті дықпен тік жар шықты. мотивте жылдам шапшаң артығын Таңдалігін артегендік ғыс, сы талық Ксомол өтеміржоснисті құрет нағ Лесковт шақыру, возшы» —1945 дағы ер жарқыр Таңдалық үнемі аның әле тынасы партиясі дік рух қарады.



## Редакцияға хаттар

## Ауыл адамдарының тілегі

Абай атындағы колхоздың (Преснов ауданы) клубы алты жыл бойы жөнделуде. Бірақ, әлі пайдалануға берілген жоқ. Кино қоятын орынның жоқтығынан киноны сирек көреміз. Өткен жылы небары келген екі киноны далада, жауынның астында отырып көрдік. Колхоз клубы жөнделіп, бізге кино жиі келіп тұрса екен?

К. ДҮЙСЕНБАЕВ.

\*\*\*

Молотов атындағы колхоздың (Совет ауданы) колхозшылары кино көрмегелі байдан асты. Колхоздың оқу үйінде съезд материалдары, газет-журналдар, саяси, көркем әдебиеттер жеткілікті. Колхозшылар оларды оқып, өздерінің білімін көтеруде. Ал, киноны тек аудан орталығына барған уақытта ғана көреміз. Бұған аудандық киноландыру бөлімінің бастығы Смирнов жолдас ешқандай көңіл бөлмей отыр. Біздің кино көргіміз келеді.

И. СҮЛТАНОВ.

\*\*\*

Іріленген «Путь Ильича» колхозында (Октябрь ауданы) өткен жылғы жоспар бойынша көрсетілуге тиісті 120 киноның 53-ақ көрсетілді. Аудан орталығына жақын тұрсақ та, жана жылдан бері бірде бір кино көрген емеспіз.

К. МЕЙРАМОВ.

Селолық дүкеннің сатушысы.

## Монша қашан жөнделеді

Октябрь ауданындағы «Қызылту» колхозының №3 бригадасында қоғамдық монша болатын. Өткен жылғы жазғы тұрым од бұғылып, жаз бойы пайдалануға жарамай тұрды. Колхоз председатели Б. Қаналин жолдас моншаны жөндетеміз деп жүріп, 6 ай жазды уәдемен өткізді. Сөйтін, бұл жұмысты күзді күні, қар түсерде

## Халықаралық шолу

## КАПИТАЛИСТИК ЕЛДЕРДІҢ ӨНІМ

## ӨТКІЗУ РЫНОҚТАРЫ ҮШІН КҮРЕСІ

Дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижесінде, деп көрсетеді Сталин жолдас, біртұтас дүниежүзілік рынок бір-біріне қарама-қарсы екі дүниежүзілік рынокке: дүниежүзілік демократиялық лагерьдегі елдердің рыногіне және агрессияшыл империалистік лагерьдің рыногіне бөлінді. Совет Одағының орасан зор көмегін пайдаланып отырған халықтық демократия елдері өнеркәсібінің күшті қарқынмен өркендеуі нәтижесінде бұл елдер көп ұзамай, капиталистік елдерден товар алуға дилгер болмайтындығы былай тұрсын, қайта өздерінің өндірісінің басы артық товарларын шетке шығарудың қажеттігін сезетін болады.

«Ал бұдан, — деп үйретеді Сталин жолдас, — мынадай қорытынды шығады: басты-басты капиталистік елдердің (АҚШ, Англия, Франция) дүниежүзілік ресурстарға күш жұмсау сферасы кеңеймейді, қайта тарыла түседі, дүниежүзілік зат өткізу рыногінің жағдайлары бұл елдер үшін нашарлайтын болады, ал бұл елдердегі кәсіпорындардың жұмыспен қамтамасыз етілуі арта түсетін болады. Дүниежүзілік рыноктың ыдырауымен байланысты дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисінің тереңдеуі, дұрысын айтқанда, дәл осында болып отыр».

Біртұтас дүниежүзілік рыноктың ыдырауы салдарынан, капиталистік елдердің өнім өткізу рыноктарына таласқан күресі күшейді. Жарияланбаған сауда соғысы күрсізілуде. Бұл соғыс АҚШ пен оның ітаршылары, оның ішінде Англия арасында өте-өте күшейді.

1952 жылы Англияның дүниежүзілік рыноктардағы позициялары мықтап нашарлады. Англияның өнеркәсіп-сауда топталының органы — «Файнэншл таймс» газеті бәсеке күресінің шиеленіскенін, бұл күреске Американың бәсекесі «барған сайын қауіпті түрде» көрініп отырғанын атап айтты. Англияға қарсы құрал ретінде американо монополиялары өздеріне тәуелді Батыс Германияның монополияларын да пайдаланады.

Өнім өткізетін дүниежүзілік рынок жағдайының нашарлауы зардабынан Англия

Капиталистік елдер арасындағы бәсеке күресі барған сайын күшеюде. Мұны дәлелдейтін бір мысал келтіруге болады. 30 декабрьде Америка үкметі Канададан сүт порошегін әкелуге қарсы қосымша тежеулер шаралары қолданылатынын жариялады. Мұнан қауіптенген Канаданың экспортшылары дереу өздерінің үкметінен Американың Канадаға экспортына қарсы жауап шаралар қолдануды талап етті.

Англияның «Файнэншл таймс» газеті Жапониядан алынған хабарында бәсеке күресінің тағы бір белгісін көрсетті. Газет Италия мен Батыс Германияның Оңтүстік-Шығыс Азия рыноктарында Жапонияға қарсы шығып, оның вискоз жібі экспортына зор бөгет жасап отырғанын хабарлады. Жапонияның көптеген өнеркәсіп иелері, дейді газет, Жапонияның саудасында келешекте де осындай беталыс бола берсе, бұл маңызды сауда ауданында толық тұралаушылық туады деп есептейді.

Капитализмнің айуандық заңының тағы бір айқын көрінісі мынадай. «Таймс» газетінің Стамбулдағы тілшісінің хабары бойынша, «Түркияның баспасөзі, өздерінің товарларын Түркияға көп сатып, мұнымен бірге Түркия товарларының сатып алынуын қамтамасыз етуге ешқандай шара қолданбай отырғанын Англия мен Батыс Германия сыяқты елдерді, әсіресе Англияны қатты сынауда.

Американың шонжарлары өнім өткізетін дүниежүзілік рыноктардағы бәсекелестерін өрескелдікпен ығыстырып шығарып, бұл рыноктарды басып алып, орасан көп пайда тапты.

Алайда, капиталдың басқа елдері сыяқты, АҚШ-тың да экономикалық қыйыншылықтары ұлғаюда. Көпшілігі АҚШ экономикасының 1953 жылғы болашағына үмітсіздікпен баға берген американо экономикасы тереңі болжаулары мұны айқын дәлелдейді. Американың «Вейерхойзер тимбер компани» үлкен фирмасының экономисті Чарльз Янга быйыл АҚШ-тың экономикасы төмендейтінін алдан болжап, Құрама Штаттардың экономикалық жағы 1929 жылы, соғыстан кейін 20-жылдардың қауырты көтеріңкілігі аяқталған кезде, Гувердің үкметі кездескен жағдайға біраз ұқсайтынын» атап көрсетті.

Біртұтас дүниежүзілік рыноктың құлды-

ды сырт көрінісі «бейтараптықты» тастап, Уолл-стриттің соғыс күймесіне белсене жегілуге көндіруге шақырды.

Рангун жыйынының сыйпатын алатын болсақ, оны Эттлидің және империализмнің басқа агенттерінің мәлімдемелерінен көруге болады. Олар өздерінің мәлімдемелерінде «Шығыста коммунизмнің өріс алуына қарсы» берік «социалистік» кедергі жасауға шақырды. Бұл жерде қандай «социализм» туралы сөз болып отырғанын, басқасын айтпағанда, мынаның өзінен көруге болады. Индияның информация бюросының хабарына қарағанда, «конференция (Рангундегі конференция — М. А.). Маркс пен Энгельстің ілімінің негізгі принциптерін қайта қарайды».

«Шығыста коммунизмнің өріс алуына» қарсы аттануға шақырып, «социалист» Эттли өзінің бұлай дегенде, біржағынан, Англияның отары — Малайядағы ұлттық-заттық қозғалысты есте тұтатынын ашықтан-ашық түсіндірді. Британия империализмінің итаршысына біткен арсыздықпен Эттли ағылшын әскерлерінің Малайя халқына қарсы «батыл шараларын» дәріптеді.

Рангундегі конференция сол сыяқты Азиядағы ағылшын-американ қайшылықтарын көрсетеді. Американо империалистінің Азиядағы экспанциясы барған сайын қатты сезілуде. Мысалы, рейтер агенттігінің хабарлауындай, Бирманың үкметі Лондонға өзінің 1947 жылы қол қойылған Англия — Бирма соғыс келісімінің күшін оқтауды тілейтінін хабарлады. «Дейли воркер» газетінің айтуынша, Бирма үкметінің бұл ниеті «Американың қару-жарақтарын сатып алуға жол ашуды» көздейді. Сол сыяқты, бұл газет: «Бирмада американдардың ықпалы күшейді. «Көзір көрші елдер — Индо-Қытай мен Тайландта да Американың әскери миссиялары бар» деп жазды.

Англияның «Дейли телеграф энд морнинг пост» газеті жағдайдың өзгеруіне өзінің ызаланатынын жасырмай ашық айтты: «Егер... Бирма, — дейді ол, — көзір қару-жарақ пен кеңесшілерді ұлттар бірлестігінен (яғни Британия империясына қараған елдерден — М. А.) алуға тырысатын болса, мұның өзі танданарлық болар еді. Оның үстіне Азияның социалистері, бейтараптық сактауға тырысып, өздерінің батыстық үс-

де

ц пехтарында сырбылды. Үгіт съезінің материалдастың «ССРО калық проблемаларының Социалистік Одағы әдебиеттері» Оларда, үгіт р көптеп болған және жергілікті ідегі өңгімелері. Сонымен қаның XIX съезінің үйірмелері.

тардың дәреже-а байланысты партия бюросы орта және жоғары, тәжірибелері ады. Олардың мастер Латаев, бар. Насихат-іріленіп, өңгіме-а тұрған мін-тырады. Исшылары мен дерінің жалпы

мүшелері 1953 ындау жолына алды. Олар анда жұк тасу сұрлым артық ұдың өзіндік окомствтердің дығы бес ки-асқарған ксм-



съезінің материалдары, Сталин жолдас-  
тың съездің қорытынды мәжілісінде сөй-  
леген сөзі және Сталин жолдасы:  
«ССРО-да социализмнің экономикалық

күресінде жаңа табыстарға жетуге бас-  
тауда.

**М. СЕЙТАХМЕТОВ.**  
Ленин ауданы.

рының қарқынын күшейту жөнінде нақты  
лы шаралар белгіледі.

**М. БИГОЖИН,**  
ҚҚП Мамлют аудандық комитетінің  
секретары.

ерекше тән сыйпат—Англияның сол сыяқ-  
ты Жапонияның сыртқы сауда дефициті:  
импорттың экспорттан асып түсуі барған  
сайын айқын көрінуде. Импорт долларды  
керек қылады, сондықтан АҚШ-тан тағы-  
да доллар сұрауға тура келеді.

сол сыяқты  
олардың ықпа-  
лел. Шығыс  
қозғалыстың  
үіптендіреді.  
сыздардың М  
социалистерімі  
оларды өздері  
ны мәлім.

Мұның бәрі  
керек етті. Со  
социалистік п  
тернационалды

## Көрнекті совет жазушысы

*(А. С. Серафимовичтің туғанына 90 жыл толуына)*

Ертең көрнекті совет жазушысы Алек-  
сандр Серафимович Серафимовичтің туға-  
нына 90 жыл толады. Александр Серафи-  
мович өзінің барлық өмірі мен творчество-  
лық еңбегін еліміздің еңбекші халқыны  
мүддесіне арнады.

Ұлы көсеміміз В. И. Ленин Серафимо-  
вичтің шығармаларын жоғары бағалады.  
Көп ұлтты совет халқы жазушының жоға-  
ры идеялы, көркем шығармаларын сүйіп  
оқып, Александр Серафимовичтің атын қа-  
дір тұтады.

Серафимович гимназияда оқып жүрген  
күндерінің өзінде революционер-демократ-  
тар Чернышевскийдің, Белинский мен Доб-  
ролюбовтың шығармаларымен танысты.  
Сол кездің өзінде-ақ ол жұмысшылардың  
тұрмысының ауырлығының себептерін біл-  
гісі келді. 1883 жылы Петербург универ-  
ситетіне оқуға түсіп, мұнда студенттердің  
үнемі өткізіліп тұратын, самодержавиеге  
қарсы күрес әдісі жөніндегі айтыстарын  
қатынасты. «Капиталды» оқып, Маркс шы-  
ғармаларының революциялық мазмұнын  
түсінуге тырысты.

Серафимович университетте оқып жүр-  
ген жылдарында В. И. Лениннің ағасы  
Александр Ульяновпен танысады. Патша-  
ны өлтіруге қатысқаны үшін А. Ульянов-  
дарға асылғаннан кейін, осы оқыйғаны түсіні-

діріп, революциялық шақыру жазғаны үшін  
Серафимовичті патша үкметі Архангельск  
губерниясына жер аударды. Мұнда о.  
1885 жылы «морозов» стачкасын ұйымда-  
стырған жұмысшы Петр Анисимович Мой-  
сеенкомен кездеседі.

Александр Серафимович осы айдауда жү-  
зіп көркем шығармалар жазумен шұғыл-  
дана бастады. Көп кешікпей, 1889 жыл-  
казушының «Мұз үстінде» деген алғашқы  
шығармасы басылып шықты. Александр  
Серафимович алғашқы шығармаларын сы-  
зыл реализм әдісімен жазса, кейін шығар-  
маларын социалистік реализмнің негізі  
алушы Максим Горькийдің әсерімен жаз-  
ақтады. «Менің жазушылық дағдыымд  
орький шешуші роль атқарды» дейді  
Серафимович.

Серафимович 1890 жылы айдаудан боса-  
тып, тұған жері Донға қайтып келеді.  
Мұнда ол провинциялық газеттердің жұмы-  
сына қатынасады. Көп кешікпей алғашқы  
кыйнағын жарыққа шығарады.

Жазушы ол кездегі шығармаларында  
капитализм жағдайындағы жұмысшылар-  
дың шаруалардың ауыр тұрмысын көрсет-  
ті. «Жер астында», «Заводта» деген әңгі-  
желерінде Серафимович жер астында,  
мірлеріне хауіпті жағдайда ауыр жұмыс  
естеп, мейлінше қаналған Донбасс шахтер

лерінің азапты ауыр тұрмысын суреттеді.  
«Мұз үстінде» деген әңгімесінде аштық  
азабы басына төнген кедей аңшы Сорока-  
ның аянышты халі, кулак Воронның оз-  
бырлығы суреттеледі. Бұл шығармаларын-  
да және басқаларында жазушы еңбекші  
халықты қорғауға алып, қанаушы тапты  
әлтіре әшкереледі.

Шаруа қыз туралы жазған «Құмдақ»  
деген әңгімесін Лев Толстой мейлінше жо-  
ғары бағалаған. Жазушының шығармала-  
рының тілі, әр кейіпкерге мінездеме беру-  
егі шеберлігі, сүйкімді, көркем сөздері  
мен теңеулері, ауыр азапқа күле қарап  
қарсы жүретін көңілді кейіпкерлері атакты  
жазушы В. Г. Короленконың да назары  
аударған болатын. Г. Успенский Серафи-  
мовичті «тамаша жазушы» деп атады.

А. Серафимович жұмысшылар мен шар-  
уалардың аянышты халін ғана айтып қой-  
май, олардың сана-сезімінің оянып, бос-  
андық жолында қанаушы тапқа қарсы  
күресін де көрсете білді. Жазушының  
«Азалы күй», «Преснада», «Көшедегі өлік-  
ер» деген шығармалары және басқа әң-  
гімелері 1905 жылғы алғашқы революция  
сезіндегі Москва пролетариатының күресі-  
не арналады. 1905 жылғы революция же-  
ңілсе де жазушы еңбекші халықтың жар-  
қын болашағына сенді.

Александр Серафимович Ұлы Октябрь  
социалистік революциясын қуанышпен қар-  
сы алды. 1918 жылы Ленин—Сталин пар-  
тиясы қатарына енді. Оқу халық комиссе-  
риатының әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

«Известия» газетінің редколлегия мүшесі  
болып қызмет істеді.

Ұлы Отан соғысы күндерінде Серафимо-  
вич «Правда» газетінің әскери тілшісі бо-  
лып істеді.

Ұлы Октябрь революциясының алғашқы  
күндерінде В. И. Ленин Серафимовичке  
жазған хатында былай деді: «Сіздің шы-  
ғармаларыңыз... менің Сізге деген сүйіс-  
пеншілігімді туғызды және Сіздің еңбекте-  
ріңіздің жұмысшылар мен бәрімізге өте  
қажет екендігін айтқым келеді...».

Ұлы көсемнің бұл хатымен жігерленген  
жазушы 1921—1924 жылдар арасында «Те-  
мір тасқын» деген романын жазды. Бұл—  
совет әдебиетінің классикалық шығармасы  
болып табылады. Александр Серафимович  
тің «Темір тасқын» романын және басқа  
шығармаларын совет адамдары сүйсініп  
оқыйды, одан рухани нәр алады.

1933 жылы совет халқы Александр Се-  
рафимовичтің туғанына 70 жыл толған-  
дығын мерекеледі. Совет үкметі жазушы-  
ның еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин  
орденімен наградтады. Ал, 1943 жылы әде-  
биет майданындағы үздік еңбегі үшін жа-  
зушыға Сталиндік сыйлық берілді.

Барлық күш-жігері мен творчестволық  
қаблетін коммунизм жолына жұмсаған көр-  
некті совет жазушысы Александр Серафи-  
мовичті совет халқы мәңгі есте сақтайды.

**К. АСТАФЬЕВ,**

Ушинский атындағы мұғалімдер  
институтының әдебиет пәнінің  
оқытушысы.

**ХАЛЫ**

**ПХЕНЬЯН,**  
Халық-Демок-  
лық армиясын  
гін Корей Хал-  
және қытай ха-  
бұрынғы алып

**ЕКІ АҒЫ.**

**АПА**

**ЛОНДОН,** И  
радиосының ха-  
варь күні Мал-  
таман Жерорт-  
шын соғыс сам-  
екі самолеттің  
хабарға қараға  
заға ұшыраған

**«УДАРНИК»**

**Бүгін**

**«АЛПА**

Сеанстар саға  
Касса сағат

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ  
партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт

АДРЕСІ Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86,  
және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілме